

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР АУҚЫМДЫ

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті техникалық мамандықтармен қоса, тіл мен әдебиет, өнер, мәдениет, педагогика саласында да мамандар даярлайды. Қазақтың химия-технология институтына біріккен 10 жылдан астам уақытта аталмыш оқу орны мыңдаған мемлекеттік тіл мамандарын даярлап ұшырды! Бүгінгі таңда университет 12 институттан тұрады. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мақсатында университет басшысы, ҚР ҰҒА-ның академигі У.Қ.Бишімбаев Филология институтын ашты. Іс қағаздары түгел дерлік мемлекеттік тілде жүргізілетін институттың ғылыми әлеуеті жоғары. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының өзінде тіл жанашыры, мұхтартанушы ғалым, профессор К.Сыздықов, республикалық ономастика комиссиясының мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Е.Ә.Керімбаев, ҚР Білім және ғылым министрлігінің "Мәдени мұра" бағдарламасы жобасы негізінде жарияланған ауыз әдебиеті мұраларын жинау жөніндегі грант иегері, филология ғылымының докторы, профессор Қ.Саттаров, филология ғылымының докторы, профессор Ә.Е.Құлымбетова, педагогика ғылымының докторы, профессор А.Жаппаров, Қазақстан ЖОО-ның арасынан "Үздік оқытушы" грантын иеленген педагогика ғылымының докторы, профессор Л.Искакова, доцент Б.Бекетов, С.Боранбаев, Т.Қалдыбаев, Н.Нұрпейісов, т.б. оқытушы-профессорлар осы саланың ыстық-суығына көніп, білімді мамандар тәрбиелеп жүр.

Еліміздің экономикалық әлеуеті жақсаруына орай Қытай, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Украина, т.б. елдерден 20-дан астам студент осы институтта мемлекеттік тілде білім алуда.

Институтта Әуезов дәрісханасы жұмыс істейді. "М.Әуезов және Оңтүстік" деген тақырыпта жүйелі ғылыми-зерттеулер жүргізіліп келеді. Нәтижелері көңіл қуантарлық. Әдеби үйірмелер, "Сырлы сөз" өнер бірлестігі, "Сырласу" қыздар эстетикалық клубы тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Оларда ұлтымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі насихатталады.

Жыл сайын "Әуезов күндері" кеңінен аталып өтіледі. Биылдың өзінде М.Әуезовтің 110 жылдық мерейтойы әрбір топта, өнер үйірмелерінде, ақпараттық орталық пен жақханаларда кең көлемде аталып өтілді.

"Ғасырдың ұлы тұлғасы" деген тақырыптағы халықаралық ғылыми конференцияға ұлы суреткердің ұлы Мұрат Әуезов, М.Әуезовтің шығармашылығын тәржімалаушы Ресей ҒА-ның академигі В.Анастасьев қатысып, жоғары баға берді. Өзге елдерден келген қонақтар мен еліміздің айтулы ғалымдары Президент жанындағы мәдени орталығының директоры, профессор М.Жолдасбеков, этнограф-ғалым А.Сейдімбек, белгілі тарихшы Қ.Салғараұлы рухани құндылықтардың жиналуы мен алдағы міндеттер туралы мағлұмат беріп отырады.

Түркітану орталығы да еліміз тарихын терең танып, рухани мұрамызды жаңғыртуға үлес қосып келеді.

Алдағы уақытта университет жанынан ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту мақсатында түрлі ұлт өкілдерінен құрылған кіші Ассамблея мүшелері мемлекеттік тіл мәртебесінің қолданылу аясын кеңейтуге орай іс-шаралар өткізбек.

Қазақ ұлты қалың шоғырланған біздің облысымыздағы мектептердің 75-80 пайызы ұлттық тілде білім беретіні белгілі. Осыған орай, Филология институты даярлайтын мамандықтардың ғылыми, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстарының барлығы дерлік мемлекеттік тілде жүргізіледі. Әйтсе де, техникалық мамандықтар төңірегінде шешілмеген проблемалар да жоқ емес. Ол туралы "Оңтүстік Қазақстан" газетінде (26.01.2008) арнайы мақала да жарияланды. Қаймағы бұзылмаған, ұлтымыздың ұйытқысы Оңтүстіктегі мемлекеттік тіл аясындағы түйткілді оңды шешуге облыс басшылығы өз тарапынан жанашырлық білдіріліп отырғанын түсінуге болады.

Елбасы, Үкімет назарында тұрған мемлекеттік тіл проблемасы алдағы күндері де күн тәртібінен түспейтіні аян. Қалай болғанда да, мемлекеттік тілді кеңінен қолданысқа ендіру барша қазақстандықтың парызы һәм міндеті деп білеміз.

Б.ТЛЕУБЕРДИЕВ,

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Филология институтының директоры, филология ғылымының докторы.

М.ОМАРОВ,

қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.